

Бекітемін
ШЖК «Қаратал аудандық
орталық ауруханасы»
Кумаров Б.А.



«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы»

**Мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қаратал
аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының**

2025-2030 жылдарға арналған

Стратегиялық жоспары

Үштөбе қаласы, 2025 жыл

Мазмұны

I . Тарау

1.1.Миссия және мақсаты

II. Тарау

2.1. Ағымдағы жағдайды талдау денсаулық сақтау ісін дамыту жолдары

2.1.2. Медициналық ұйымдар мен кадрлар

2.1.3. Негізгі мәселелерді талдау

2.1.4. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

2.2.1. Денсаулық сақтау ісін дамытудың негізгі параметрлері

2.2.2.Денсаулық сақтау басқармасының стратегиялық бағыты, мақсаты мен міндеттері және негізгі мақсатталған индикаторлары, «Денсаулық» 2020-2025 ж мемлекеттік бағдарламасының нәтижесі

SWOT- талдау саланың даму жағдайы

2.2.4 Қаратал ауданы бойынша денсаулық сақтау саласындағы мәселелері

III. Тарау

3.1.Стратегиялық бағыт, мақсат пен міндеттер, мақсатталған индикаторлар, іс-шаралар және қорытынды көрсеткіштер

4.Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

5. Міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштері

I Тарау.

Миссия

Тұрғындарға дәлелді медицина негізінде сапалы, қолжетімді көмек көрсету

Мақсаты

Қаратал ауданының тұрғындарының денсаулығының жақсаруын қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс жүргізетін денсаулық сақтау жүйесін құру, тұрғындардың санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық ережесін сақтау, тұрғындардың бірлескен жауапкершілігін арттыру, медициналық көмекке қол жеткізуді оңайлату, медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Құндылығы

- Науқас-оның денсаулығын сақтау және жақсарту
- Құрмет-науқастың қадыр қасиетін және тұлғалығын құрметтеу
- Медициналық қызметкерлер
- Алқалалық
- Тәлімгерлік
- Персоналдық
- Моральді
- Іскерлік сапасы

II. Тарау

2. 1. Ағымды жағдайды талдау

Қазақстанда денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі бағыттары мен бағдарламалары "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасы мен Денсаулық сақтауды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы барысында Қаратал ауданының тұрғындарының денсаулығын сипаттайтын мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырған кезеңінде медико-демографиялық ахуал мен көрсеткіштерінің ахуалы:

- тұрғындардың туу деңгейі 1000 тұрғынға шаққанда 2023 жылғы 15,2 ден 2024 -13,5ке , ал 2025ж- 11,8 ге дейін төмендеу байқалады, туу деңгейінің төмендеуі репродуктивті жастағы әйелдер санының азаюына және жастардың көші-қонына байланысты ;
- тұрғындардың жалпы өлу деңгейі 1000 тұрғынға шаққанда 2023 -9,2 -ден 2024ж- 9,4 -ке; 2025 ж- 8,7 ге төмендеді.
- тұрғындардың табиғи өсім коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 2023 ж-7,89- ден 2024ж-4,1- ге дейін төмендеген; 2025ж-3,1
- Қаратал ауданының тұрақты тұрғындарының саны 2023 жылдың басында 40 712, 2024 жылдың басында 40 046 мың , 2025ж-40 336 адамды құрады.
- Күтілетін өмір суру ұзақтығы 2025 жылы 1,3% өсіп – 72,8 жылды құраған .
- Нәрестелердің өлу деңгейі 2023 жылы 1000 тірі туылғанға шаққанда – 8,0 –ні құрады. 2024- 9,93, 2025ж- 6,3 дейін төмендеді.

-Бірқатар әлеуметтік маңызды аурулар бойынша жағдайды тұрақтандыру қамтамасыз етілді.

- Әлеуметтік маңызды аурулармен күресу бағытында аудан Әкімдігіне қарасты тұрғындар денсаулығын қорғау жөніндегі үйлестіру кеңесі және СӨС бойынша жұмыс тобы белсенді жұмыстар жүргізуде.

-Тұрғындардың өлім-жітімінің себебі біріншіден жүрек- тамыр жүйесінің аурулары болып табылады. Скринингтік зерттеулердің жүргізілуіне байланысты қан айналысы жүйесінің ауруларымен өлім-жітімі 100 мың тұрғынға шаққанда 2,9% дейін төмендеп отыр. Кардиологиялық науқастарды диспансерлік бақылаумен қамту ауқымы ұлғайды..Ауруды басқару бағдарламасы енгізіліп (ПУЗ) қан қысым,жүрек ауруы мен қант диабеті ауруларды емдеу мен бақылауы жаңа деңгейге көтерілді

- Қатерлі жаңа өскіндердің пайда болуынан сырқаттану көрсеткіші бір деңгейде тұр, 100 мың тұрғынға шаққанда (2023-284,8; 2024-284,5, 2025ж-260,8). Онкологиялық ауруларды ерте анықтауға бағытталған іс- шаралар, скринингтік тексерулер, химиопрепараттармен қамтамасыз ету, медицина мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын нығайту көзге көрінетін жерде пайда болған обыр түрлерін анықтау деңгейін төмендетуге және диагноз қойылғаннан кейін 5 және одан да көп жыл өмір сүретін науқастардың үлестік салмағының көбеюіне мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығы негізінде «0 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды профилактикалық тексеруден өткізу» жұмыстары өткізілді. 2024ж-11397 баланың 88,4% тексеріліп, оның 479 анықталып, 100% динамикалық есепке алынды. 2025ж-12373 баланың 10220 тексеріліп (84,0%) тексеріліп, оның 53 анықталып, динамикалық есепке алынды

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығының орындалу барысында, азаматтарды алдын ала медициналық тексеру шаралары ұйымдастырылды.

Жүрек қан тамыр ауруларын анықтау бойынша 2023 жыл 4760 жоспарланып, 4398 тексеруден өтті. Анықталған саны 129 адам. 2024 жылы жоспар бойынша 4760, скрининг өткендер саны 4146 болды. Анықталғандар 80 адам. 2025 жылы жоспарда болған 3795 адамның 3795-і өтіп, оның 148 адам анықталды.

Қант диабеті ауруын ерте анықтау бойынша: 2023 жыл 4760 жоспарланып, 4398 тексеруден өтті. Анықталған саны 32 адам. 2024 жылы жоспар бойынша 4760, скрининг өткендер саны 4146 болды. Анықталғандар 22 адам. 2025 жылы жоспарда болған 3795 адамның 3795-і өтіп, оның 25 адамы анықталды.

Глаукома ауруын ерте анықтау бойынша: 2023 жыл 4760 жоспарланып, 4398 тексеруден өтті. Анықталған саны 14 адам. 2024 жылы жоспар бойынша 4760, скрининг өткендер саны 4146 болды. Анықталғандар 11 адам. 2025 жылы жоспарда болған 3795 адамның 3795-і өтіп, оның 2 адамы анықталды.

Жатыр мойнының қатерлі ісігін ерте анықтау бойынша: 2023 жылы 1684 адам жоспарланып, 1637-сі тексеруден өтті, анықталғандар саны 2 адам. 2024 жылы 1755 жоспарланған ішінен 1458-і өтіп, 3 адам анықталды. 2025 жылда 1758 адамның 1741 өтіп, 3 адам анықталды.

Сүт безі обырын ерте анықтау үшін: 2023 жылы 2530 адам жоспарланып, 2444-сі тексеруден өтті, анықталғандар саны 3 адам. 2024 жылы 2375 жоспарланған ішінен 2259-ы өтіп, 1 адам анықталды. 2025 жылда 2377 адамның 2275 өтіп, 3 адам анықталды.

Колоректальды обырды ерте анықтау үшін: 2023 жылы 2990 адам жоспарланып, 2806-сы тексеруден өтті, анықталғандар саны 1 адам. 2024 жылы 2869 жоспарланған ішінен 2620-сы өтіп, 2 адам анықталды. 2025 жылда 2870 адамның 2790 өтіп, 3 адам анықталды.

Қаратал ауданы бойынша жоспарланған адамдар санының 94% скринингтік тексеруден өтті. Анықталған барлық жағдайлар бойынша пациенттер толық қосымша тексеруден өткізіліп, диспансерлік бақылауға алынды.

2.1.2. Медициналық ұйымдар мен кадрлар

Қаратал аудандық ауруханасы 3 қабатты типтік, А, Б, В, Г блоктарынан тұратын ғимаратта орналасқан. Жалпы көлемдері «А» блогі 3522 кв/м, «Б» блогі 6937 кв/м, «В» блогі 2615 кв/м, «Г» блогі 4520 кв/м, инфекция бөлімі 257,5кв/м, кір жуу цехі 369кв/м, ас дайындау блогі 297,5кв/м, жалпы дәрігерлік амбулаториялар көлемі 1443,3кв/м. 2022 жылы «Б» блогі, 2024 жылы «А» блогі, 2025 жылы «В» блогі күрделі жөндеу жұмыстарынан өтіп, қолданысқа берілді. 2025 жылы орталық аурухана ауласына абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Аудан халқына – жалпы бейінді және мамандандырылған ауруханалардың қызметін көрсетеді. Аурухананың құрамында - 170 орындық орталық аурухана, күніне 500 адам қабылдайтын емхана, 1 ауылдық аурухана, 6 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 6 ФАП және 14 медициналық пункттер медициналық қызмет көрсетеді. Осы аталған мекемелерде 73 дәрігер, 322 орта буын медицина қызметкерлері еңбек етеді. Дәрігерлердің санаттық көрсеткіші -37,8 ал орта буын медицина қызметкерлерінің санаттық көрсеткіші -31,8. Халықты дәрігерлермен қамту көрсеткіші -18,2 , ал орта буын медицина қызметкерлерімен қамту көрсеткіші -83,9.

Емханада қабылдау келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі. отбасылық дәргер, хирург, акушер-гинекология, травматология, офтальмология, отоларингология, психотрия, эндокринология, фтизиатрия, дерматавенерология, стоматология, физиотерапия, онкология, инфекциялық аурулар, наркология, урология, кардиология, невропатология. Зертханалық (клинико-диагностикалық, биохимиялық, иммунологиялық, серологиялық, бактериологиялық), рентгенологиялық (рентгеноскопия-графия, флюорография), ЭКГ, ультрадыбыстық зерттеулер, компьютерлік томография, физиотерапиялық бөлімше қызмет көрсетеді. Ауруханада барлығы 170 (ішінде 6 жансақтандыру) төсек орын қызмет көрсетеді, қамту көрсеткіш -42,5, атап айтқанда терапия бөлімінде -47 төсек, хирургия бөлімшесінде – 30 төсек, перзентханада-15, балалар бөлімінде- 20, жұқпалы аурулар бөлімінде -28, гинекология бөлімінде 15 төсек, Алмалы ауылдық ауруханасында 15 төсек орын. Стационардағы күндізгі ем шара қабылдау төсек орындары бойынша: хирургия бөлімінде 10, терапия бөлімінде 6, гинекология бөлімінде 5 төсек орны бар. Емхана бойынша 40 төсек орын, оның ішінде емханада 17, Ескелді дәрігерлік амбулаториясында 4, Бастобе дәрігерлік амбулаториясында 4, Кальпе 4 дәрігерлік амбулаториясында, Жаңаталап 4 дәрігерлік амбулаториясында, Копбирлик 4 дәрігерлік амбулаториясында, Д №1 дәрігерлік амбулаториясында 3 төсек орын бар. 2020 жылы шалғай елді мекендердің тұрғындарына сапалы және қолжетімді медициналық қызмет көрсету мақсатында жылжымалы медициналық кешен 156 700 000 теңгеге сатып алынды. Жыл сайын 8 мыңға жуық ауыл тұрғынына кешенді медициналық көмек көрсетеді.

Қаратал аудандық ауруханасына республикалық бюджеттен 2025 жылы 3 937 444 510 мың қаражат бөлінің, толықтай игерілді.

2025 жылғы жалпы бюджет	3 937 444 510 теңге
Еңбекақы төлеуге	2 226 657 710 теңге бөлінген, бұл жалпы бюджеттің 64%-ын құрайды
Салықтарды төлеуге	309 844 356 теңге
Азық-түлік өнімдерін сатып алуға	59 986 302 теңге
Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуға	386 075 605 теңге.
Қорларды сатып алуға (оның ішінде бензин, дизель отыны, қосалқы бөлшектер, шаруашылық тауарлары)	128 625 812 теңге.

Бөлінетін қаражат көлемін көбейту қамтамасыз етілді және дәрілік заттар айналысы мемлекеттік реттеудің тиімділігі арттырылды. Науқастарды дәрімен қамтамасыз ету бекітілген, дәрілік формуляр мен ауруларды диагностикалау және емдеу хаттамаларына сәйкес жүргізілді.

2025 жылы 10 медициналық кеңес, 25 дәрігерлік конференция өткізілді. Аудан бойынша барлық дәрігерлердің қабылдаулары – 226832 , бір тұрғынға шаққанда 5,7 құрайды. Үй жағдайында -9087 қабылдаулар болды. Аудандық стационарлық бөлімшелерде емделген аурулар саны -5864, төсек қорының жылдық жұмысы -273,7, орташа емдеу уақыты- 7,9, төсек айналымы-34,6.

Кадр мәселесі: 2023-2025 жыл аралығында жалпы 11 дәрігер жұмысқа орналасты. Атап айтқанда 7 отбасы дәрігері, 1 хирург, 1 провизор, 1 терапевт, 1 акушер-гинеколог. Жергілікті әкімшілік тарапының көмегімен барлық дәрігерлерге тұрғын үй берілді. 6 дәрігер көтерме ақысын алды. Аталған шараға қарамастан кадр тапшылығы 5 дәрігер: 2 отбасы дәрігері, 1 онколог, 1 педиатр, 1 кардиолог.

2.1.3. Негізгі мәселелерді талдау

Соңғы жылдары Қаратал аудан тұрғындарының туу деңгейінің төмендеуі байқалады, өлім жітімнің көрсеткішінің төмендеді. 1000 тұрғындағы шаққандағы халықтың табиғи өсімінің коэффициентінің үлкеюі байқалады.

Қаратал ауданында ана өлімі соңғы жылдары тіркелген жоқ. Дегенімен ана өлімін азайту барысында өңірлік перинаталдық көмекті күшейту жұмыстарын өткізілді. Аналарда кездесетін ауруларды емдеу және диагностикалауды хаттама бойынша өткізілді. Акушер-гинеколог, реаниматолог, терапевт- дәрігерлердің бөлімдері ЭГЗ бойынша жетілдірді.

ДДСҰ- дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған бағдарламаларды іске асыруға қатысудамыз, яғни

- Балаға мейірімділікпен қарап, оны тек емшек сүтімен өсіруді насихаттау;
- Өңірлік перинаталдық ауруларын интеграциялау, дұрыс диагностикалау және емдеу;
- Балалар ауруларын интеграциялау, дұрыс диагностикалау және емдеу;

- Жанұяны жоспарлау қызметін жетілдіру. Ол үшін емханада осы сұрақтармен айналысатын кабинеттер жұмыс істеуде. Ана мен бала денсаулығын нығайтуда бағытталған барлық сұрақтар бойынша жұмыстар өткізілді.

Ана мен бала өлімінің азайту, сәбилердің тууын көбейту, халықтың демографиялық ахуалын жақсарту мақсатында аудан көлемінде біршама іс шаралар атқарылды. Атап көрсеткенде 2024 жылы 385, ал 2025ж- 490 жүкті әйел тіркеліп, оның 354-і 2024 жылы, 452-сі 2025 жылы, яғни жүкті әйелдердің орташа 92% ерте мерзімде есепке алынып уақытылы тексеріліп сауықтырылды. Жүкті әйелдердің денсаулығын дер кезінде тексеріп, іштегі нәрестенің туа біткен даму кемістіктерін анықтау үшін 2024 жылы-1899, 2025жылы – 2370 ультрадыбыстық тексерулер жүргізілді.

Халықтың әлеуметтік жағдайында тікелей байланысты аурулардың бірі – өкпе туберкулезі 2023ж-17, 2024 жылы 19 науқас, 2025 жылы 17 науқас тіркелді. Бұған себеп болып отырған өткізіліп отырған алдын –алу шаралары: 2023ж- 15 364, 2024 жылы 22 455 ,2025 жылы 22 928 тұрғын флюорографиялық тексерумен қамтылған. Профилактика нәтижесінде 2023 жылы 9, 2024 жылы 14, 2025 жылы 10 адам туберкулез ауруымен тіркеліп емделді. 2023 бен 2025 жылдың аралығында туберкулез ауруымен өлім жітім тіркелмеді. Өкпе туберкулезін ерте диагностикалау барысында бактериалогиялық жолмен 150 адам тексеруден өтіп, оларға 272 анализ жасалынды, соның арқасында 5 адам бактерия тасымалдаушы болып анықталды. 2024 жылы осы жолмен 285 адам тексеріліп, оларға 855 анализ жасалынып, 8 адам (БК+) бактасымалдаушы болып табылған. 2024 жылғы 15 туберкулез ауруының 7-і (БК+). Олардың ішінде алдын ала медициналық тексеру нәтижесінде медициналық қызметкерлердің белсенді еңбегінің арқасында 10 адам тіркелді, эпид ошақтардың қарым –қатынаста болған 212 адам толығымен тексеріліп химиопрофилактикалық ем қабылдаған. Мектеп оқушылар арасында туберкулезді ерте анықтау мақсатында Манту сынамасы 2024 жылы 6038 балаға қойылып, 98-і есепке алынып химиопрофилактикалық ем қабылдады.

Туберкулездің таралуы бойынша ауруды эпидемиологиялық бақылау аурудың дәрігерге бейімделіп алуы, туберкулезден өлу мәселелері әліде өзектің мәселелердің бірі болып табылады.

Экологиялық жағдайлардың нашарлауы қоршаған ортаның зиянды факторларына байланысты сырқаттану (тыныс алу органдарының аурулары, онкологиялық аурулар, аллергиялық аурулар және тб) көрсеткіштер деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді.

Тұрғындар арасында туберкулездің алдын алу мақсатында санитарлық-ағарту жұмыстары мен насихаттау жүргізілді. ДОТС стратегиясы туберкулез эпидемиясымен күресу үшін біздің уақытымызды, ресурсымызды және энергиямызды тиімді пайдалану мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Қаратал ауданында бруцеллез ауруын дер кезінде анықтау үшін қатерлі топтарға кіретін контингенттерді (атап айтқанда сақманшылар, малшылар, сауыншылар, зооветринарлық қызмет мамандары) және бруцеллез ауруын белгілеріне ұқсас ауру түрлерімен ауратын адамдарды серологиялық тәсілмен (райт-Хедельсон) 2024 жылы 4268 , 2025 жылы 3802 адам тексерілген, оның 2024 жылы 5 адамы профилактикалық есепке алынып, емделіп, сауықтырылған. 2025 жылы 3 ауру тіркеліп сауықтырылды.

Халықтың өлім-жітім көрсеткіштеріне әсер ететін аурулардың біреуі –қатерлі ісік ауруы. Ауданда қатерлі ісік ауруын қарайтын дәрігер онколог 2025 жылдан бастап жоқ. 2025 жылы 135 жағдай тіркелді, оның ішінде асқынуы IV сатыдағы науқастар саны 9 , көзге көрінетін III сатыдағы қатерлі ісік науқастардың саны 5. Барлығы 552 науқас есепте тұр. Қатерлі ісік ауруының жылдан жылға өсіп кележатқаны байқалуда ,бірақта ерте сатыда анықталуы көбейіп келеді оған себеп атқарылып жатқан іс-шаралар,атап айтқанда, аудан көлеміндегі әйелдер қаралатын кабинеттерден 2025 жылы 6438 әйел тексеріліп, оның ішінде 3522 әйелге цитологиялық тәсілмен зерттеу жүргізілген. 15-49 жас аралығындағы туу қабілеті бар әйелдерді алдын ал тексерудің нәтижесінде 320 әйел жатыр мойнының жарасы қатерлі ісік ауруының себепкерлерінің бірі болып табылатын аурумен анықталып, оның 320-ы яғни 100% уақытымен ем қабылдап, сауықтырылды.

Сүт бездері қатерлі ісігіне келсек, 2023-2024-2025 жылдар аралығы бірқалыпты, яғни 3 аурудан анықталған. 2025 жылы осы аталған ісікке қарсы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығының өзгеруіне байланысты тексеруге жататын әйелдер жасы ұлғайды, яғни 40 жастан 76 жасқа дейін. Бұл өз алдына халықтың скринингтік тексерулермен қамтылуын одан әрі арттырады. Әйелдер 100% мамографиялық тәсілмен тексерілді. Оның 3-уі қатерлі ісікпен есепке алынды.

Қаратал ауданында 2024-2025 жылдары мақсатты топ балаларын егумен қамту көрсеткіштері едәуір жақсарды, яғни барлық көрсеткіштер оптимальды деңгейде. Егумен басқарылатын жұқпалы аурулар тіркелген жоқ. Егуден кейінгі асқынулар тіркелген жоқ. «Иммунопрофилактика» мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы медициналық кеңестерде жоспар бойынша қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Вакциналық басқарылатын инфекциялардың

азайғанына және жойылғанына қарамастан, ДДҰ ұсынған инфекцияларға қарсы иммундаумен бірге профилактикалық егудің Ұлттық күнтізбесін бұдан әрі кеңейте түсу қажет.

2.1.4. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Тұрғындардың денсаулық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер деңгейіне мынандай сыртқы және ішкі факторлар ықпал етеді.

Сыртқы факторлар:

2019 БӘДҰ (Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы) денсаулық сақтау жүйесіннің 10 қаупін атаған болатын ,оның ішінде –грипп пандемиясы,Эбол эпидемиясы,ДДҰ деректері бойынша адамның денсаулығы 50% жағдайда өмір сүру салтына (әлеуметтік –экономикалық факторлар, білім деңгейі, зиянды әдеттерге әуестік, салауатты өмір салтын ұстану және тб) байланысты болады, 20%-ке дейін

денсаулық деңгейі қоршаған ортаның жағдайына байланысты болады, және де қауіпті фактор болып табылатындар мыналар: темекі шегу, арақ-шарапты шамадан тыс пайдалану, артық дене салмағы, дене қозғалысының аздығы, созылмалы аурулардың, әсіресе жүрек-тамыр ауруларының болуы.

Қазіргі кезде салауатты өмір салтын ұстану мәселесі және аурудың алдын –алу, дұрыс тамақтану бойынша тұрғындардың аз ақпарат білуі мен осыған құлықсыздығы тұрғындар денсаулығы деңгейінің төмен болу себептерінің бірі болып табылады. Оның үстіне, санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жағдайына мынандай сыртқы факторлар ықпал етуі де мүмкін:

- Қазақстанмен шекаралас және тікелей көлік қатынасы бар елдер мен мемлекеттерде аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуына байланысты эпидемиологиялық ахуал қиындауда.
- Ішкі факторлар:
- Жүргізіліп жатқан профилактикалық тексерулер мен ерте диагностикалау тиімділігінің төмендігі;

- Дәйекті медицинаға негізделген аурулар бойынша диагностикалаудың, емдеу мен сауықтырудың жаңа әдістері мен хаттамаларын жеткілікті шамада енгізбеу;
- Білікті мамандардың аздығы;
- БМСК мен стационар арасында сабақтастықтың болмауы.

Санитарлық- эпидемиологиялық ахуал жағдайы мен қызметтің тиімді жұмыс жүргізуіне мынандай ішкі факторлар әсер етеді:

- Қызмет органдары мен мекемелерінің нормативтік – құқықтық базасының жетілмегендігі, олардың халықаралық сатандарттармен үйлесу деңгейінің аса төмендігі;
- Қызмет мекемелері жүргізетін зертханалық зерттеулердің тиімділігі мен жеделдігінің нашарлығы;

-Зертханалық зерттеулер жүргізетін қызмет мекемелерінің жұмысына инновациялық заманауи жұмыс тәсілдерінің қажетті деңгейде енгізілмеуі;

- Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру ісін оңтайландыру әрі қысқарту бойынша тәуекелділікті болжамдау, бағалау және басқару жүйелерін енгізу деңгейінің төмендігі;
- Медициналық иммунобиологиялық препараттарды, ең алдымен диагностикумдарды, тест жүйелерді шығару бойынша өндіріс базасын дамыту деңгейінің төмендігі.

2.2.1. Денсаулық сақтау ісін дамытудың негізгі параметрлері

2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан медицинасындағы негізгі бағдарлама — «Денсаулық» Мемлекеттік денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы. Оның басты мақсаты — халықтың өмір сүру ұзақтығын арттыру (2025 жылға қарай 75 жасқа дейін), сапалы және қолжетімді медициналық көмекті қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық денсаулық сақтау қызметін дамыту болып табылады.

Қаратал ауданында аталған бағдарлама аясында келесідей мекемелер құрылысы орын алды;

2022 жылы МП Ушкомей, Каракум

2023 жылы ФАП Кокпекті, №1 Амбулатория

2025 жылы СБ Алмалы, Жаңаталап дәрігерлік амбулаториясы, ФАП Каражиде, Канабек, Кызылжар, Ортатобе, Оян медициналық пункті, Дойынши медициналық пункті, Жасталап медициналық пункті.

Медицина мекемелерін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесіне кезеңімен көшіру денсаулық сақтау ісін басқару, қаржыландыру жүйесін, инвестициялық саясатты жетілдіруге, медицина мекемелері жұмысының тиімділігін арттыруға, сонымен қатар кадрмен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ стационар алмастыратын технологиялар дамып келе жатыр. Емханаға қарасты күндіз емдейтін стационарда -4963 науқас, үйдегі стационарларда 78 науқас, аурухана бойынша күндізгі ем қабылдау стационарында 263 науқас емделді.

Тұрғындардың жекелеген топтарын профилактикалық тексеруден өткізу жоспарын орындауды барлық денсаулық сақтау мекемелері жыл сайын қамтамасыз етілген, науқастарды диспансерлеудің тиімділігі мен сапасы көтерілген.

Қазіргі кезде аудандағы денсаулық сақтау мекемелерінде Денсаулық сақтау ісінің бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілген, БҰДЖ концепциясымен жүктелген міндеттер жүзеге асырылуда.

«Денсаулық» 2020-2025 ж мемлекеттік бағдарламасының нәтижесі

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындалуына жауаптылар	2022 (факт)	2023 (факт)	2024 (факт)	2025 (факт)
----------	----------------------------	------------------	--------------------	---------------------------	----------------	----------------	----------------	----------------

1	2	3	4	5	8	9	10	11
1	Халықтың жалпы өлім-жітімі	1000 тұрғынға шаққанда	статистикалық есебі	Статистикалық бөлім	9,44	9,2	9,4	8,7
2	Аналар өлім-жітімі	100 000 тірі туылғанға шаққанда	статистикалық есебі	Статистикалық бөлім	0	0	0	0
3	Сәбилер өлім-жітімі	1000 тірі	статистикалық	Статистикалық	8,13	8,0	9,93	6,3

		туылғанға шаққанда	есебі	бөлім				
4	Қанайналым жүйесінің ауруларынан болатын өлім-жітім (ҚЖСА)	100 000 тұрғынға шаққанда	статистикалық есебі	Статистикалық бөлім	119,39	127,19	121,42	130,01
5	Туберкулезден болатын өлім-жітім	100 000 тұрғынға шаққанда	статистикалық есебі	Статистикалық бөлім	0	0	0	0
6	Жаңа қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім	100 000 тұрғынға шаққанда	статистикалық есебі	Статистикалық бөлім	29,85	32,39	48,06	36,74
7	Қатерлі ісіктері бар науқастардың 5 жыл өмір сүруі	%	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі	ДСӘДМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері	56,0	46,8	47,7	46,0
8	Жаңа қатерлі ісіктерді ерте анықтау (1-2 сатысы)	%	статистикалық есебі	Статистикалық бөлім	28,9	22,7	31,1	31,4

SWOT- талдау саланың даму жағдайына:

1.Мықтылығы 1.Халық денсаулығының жалпы динамикасы оң: - туу көрсеткішінің соңғы 2 жылда бірқалыпта ; -сәби өлім-жітімінің төмендеуі; -ана өлімінің жоқтығы - Қан-тамыр ауруларының өлім-жітім төмендеуі; -өмір сүру ұзақтығының жоғарлауы. 2.Халықтың сапалы дәрі-дәрмекке қол жетімділігінің жоғарлауы, 3.Медициналық мекемеде медициналық техникамен жабдықталуы және жақсаруы (компьютерлік томограф, маммограф, УЗИ аппараттары) 4.Арнайы мамандандырылған медициналық көмекпен жекешеленген ауыл тұрғындарын жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз ету. 5.Медициналық көмектің сапасы материалдық техникалық базаларының жақсаруна байланысты көтерілісі-жаңа ғимараттардың қолданысқа берілуі. 6.кадр мәселеінің оң шешімі табылып келе жатқаны	Мүмкіндіктері: 1.Диагностикалық жаңа әдіспен даму және әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялармен ауруларды емдеу, шеберлік-сабақ өткізу, көшпелі цикл, жер –жерде телемедицинаны енгізу, жоғарғы мамандардың көмегімен диагностикалау және емдеу әдістеріне мүмкіндік беру. 2.Дәрігерлердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласындағы ғылыми орталықтармен жоғарғы білім орындарын тарту. 3.Дәрігерлік амбулатория мен медициналық пунктке құрылыс жүргізу. 4. Денсаулық сақтау саласындағы жеке секторларды медициналық қызмет көрсетуіне тарту. 5. Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық бойынша халықтың денсаулығын нығайту саласында салауатты өмір салтын дамыту. 6. Одан әрі ведомствоаралық өзара іс-қимыл мәселелері бойынша халықтың денсаулығын қорғау (өзара іс-қимыл ПД экологиямен, құқықтарын қорғау Комитеті халықты, халық білімі бар және басқа да ведомстволар) алдын алу және сырқаттанушылықты,өлім-жітім көрсеткішін төмендету бойынша қарым –қатынас жүргізу.
1.Әлсіздігі 1. Кадр тапшылығы сақталып тұрғаны 2.Құрылысы бітпеген немесе жоспарда тұрған мекемелер	Қауіп-қатер: 1.Жаңа пайда болған және созылмалы аурулардың өсуі. 2. Салауатты өмір салтын жүргізу және аурудың алдын алуына қатысты нигилизм және халықтың сапалы тамақтану мәселесі. 3.Ауылдарда өмір сүру деңгейінің төменіне байланысты, дәрігер мамандар ауылдық жерге жұмыс істеуге қарсы.

	4.Мемлекеттік медициналық ұйымдарда медициналық емес қызметкерлердің және басқада қызметкерлердің айлық жалақысының төмендігіне байланысты.
--	---

Қаратал ауданы бойынша денсаулық сақтау саласындағы мәселелері

1. Дәрігер кадрларының тапшылығы

Ауданда кардиолог, онколог, педиатр және отбасылық дәрігерлер жетіспейді.

Ауылдық жерлерге білікті мамандарды тарту, мамандардың біліктілігін арттыру бойынша мәселесі өзекті болып отыр.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бірнеше негізгі міндеттер айқындалды:

Мамандарды оқыту және қайта даярлау.

Орталық аудандық ауруханада жана технологияларды енгізу мақсатында қызметкерлер үшін шеберлік сабақтарын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстар жүргізу.

Кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында есепті кезеңде 130 қызметкер оқытудан өткізу.

Есепті кезеңде бірқатар индикаторлар бойынша оң динамика байқалады. Жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда оқудан және қайта даярлаудан өткен персоналдың үлесі 2024 жылғы 95 адамнан 2025 жылы 100 адамға дейін артты. Сонымен қатар, персоналдың қанағаттану деңгейі 2024 жылғы 82%-дан 2025 жылы 89%-ға дейін өсті.

Персоналдың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында Пациенттерді қолдау қызметі және ішкі аудит қызметі жыл сайын кемінде бір рет еңбек жағдайлары мен жұмыс берушіге қанағаттану деңгейі бойынша сауалнама жүргізу.

Есепті жылы кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші 9,3%-ды құрады (жоспар – 10%-дан аспау), ал орта медицина қызметкерлері бойынша бұл көрсеткіш 17,4%-ды құрады (жоспар – 20%-дан аспау).

Медицина қызметкерлерінің практикалық дағдыларын жетілдіру үшін оқу орталығы жұмыс істейді. Оның негізгі мақсаты – медициналық персоналды жаңа технологиялармен таныстыру, сондай-ақ емдеу-диагностикалық манипуляцияларды орындау дағдыларына үйрету. Орта буын медицина қызметкерлерінің кәсіби даму жүйесін жетілдіру, олардың құқықтары мен өкілеттіктерін кеңейту

Қаратал аудандық орталық ауруханасында орта буын медицина қызметкерлерінің де кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлу. Бұл бағытта мейіргерлердің құқықтары мен өкілеттіктерін кеңейтуге, клиникалық дағдыларын жетілдіруге, кәсіби этика мен деонтология қағидаларын нығайтуға басымдық беріледі.

2. Демографиялық көрсеткіштердің төмендеуі

Туу деңгейінің төмендеуі байқалады.

Жастардың басқа өңірлерге көшуі халық санының азаюына әсер етуде.

3. Онкологиялық ауруларды ерте анықтау мәселесі

Скринингтік тексерулерге қарамастан кейбір жағдайларда аурудың кеш сатыларында анықталуы кездеседі.

Халықтың профилактикалық тексерулерге қатысу белсенділігі барлық санаттарда бірдей емес.

Онколог дәрігер тапшылығын жою.

Жаңа ғимарат қажет ететін мекемелер- Қаратал ауданы бойынша медициналық ұйымдарды дамыту жоспары

№	Елді мекен	Халық саны	Жоба түрі	Ұйым	Жыл
1	Алмалы	917	БМК	ДА	2025
2	Бастөбе	3512	Құрылыс	ДА	2028
3	Қалпе	1794	Күрделі жөндеу	ДА	2026
4	Жаңаталап	1324	Күрделі жөндеу	ДА	2025
5	Көпбірлік	916	Күрделі жөндеу	ДА	2027
6	Ескелді		Қолданыстағы нысан	ДА	2017
7	Қаражиде	1206	Жаңғырту	ФАП	2025
8	Қанабек	682	Жаңғырту	ФАП	2025
9	Қызылжар	902	Жаңғырту	ФАП	2025
10	Ортатөбе	1136	Жаңғырту	ФАП	2025
11	Оян	587	Жаңғырту	МП	2025
12	Дойыншы	416	Жаңғырту	МП	2025
13	Тастөбе		Күрделі жөндеу	ФАП	2028
14	Кішітөбе	457	БМК	МП	2026
15	Көкдала	451	Күрделі жөндеу	МП	2030
16	Жылыбұлақ	801	БМК	МП	2026
17	Ұмтыл	264	БМК	МП	2027
18	Қожбан	271	БМК	МП	2027
19	Қарашеңгел	275	БМК	МП	2026
20	Сарыбұлақ	287	БМК	МП	2026
21	Ақжар	346	БМК	МП	2027
22	Жасталап	331	БМК	МП	2025
23	Айту	346	БМК	МП	2026
24	Үшкөмей	261	БМК	МП	2022
25	Қарақұм	417	БМК	МП	2022
26	Көкпекті	598	БМК	ФАП	2023
27	Үштөбе №1	5321	Жаңа құрылыс	ДА	2023

4. Жаңадан салынған мекеме мен кадр тапшылығын жою арқылы сапалы және қолжетімді медициналық көмекті қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық денсаулық сақтау қызметін дамыту.

III Тарау.

«Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер,

Негізгі мақсатталған индикаторлар, іс-шаралар және ресурстық көрсеткіштер.

1. Азаматтардың денсаулығын нығайту
 2. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру
 3. Кадрлық ресурс жүйесін және медициналық ғылымды дамыту
1. Азаматтардың денсаулығын нығайту
 - 1.1. Ауруды алдын алу жүйесі, емдеу және сауықтыру

**Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары
және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері**

Мақсат: Еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту.
Осы мақсатқа қол жеткізу мына нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындалуына жауаптылар	2025(факт)	2026(факт)	2027(факт)	2028жоспар	2029жоспар	2030жоспар
1	2	3	4	5	8	9	10	11	11	11
1	Өмір сүрудің күтілетін ұзақтығының деңгейі	Жыл саны	ҰЭМ Статистика комитетінің ресми деректері	ДСӘДМ, ІІМ, БҒМ, ҰЭМ, АШМ, МСМ, облыстардың, Алматы мен Астана қалаларының әкімдіктері	72,8	72,9	73,0	73,2	73,5	73,8

Р/с №	Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындалуына жауаптылар	2025	2026	2027	2028	2029	2030
1	2	3	4	5	8	9	10	11	11	11
2	Халық денсаулығының индексі	%	ҰЭМ Статистика комитетінің ресми деректері	ДСӘДМ, ІІМ, БҒМ, ҰЭМ, АШМ, МСМ, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері	17	18	19	20	20	20

Нысаналы индикаторлар

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	2025	2026	2027	2028	2029
1	Оқытудан өткен қызметкерлер саны	адам	Кадрлар бөлімінің есебі	Кадрлар жөніндегі инспекторлар	130	130	130	130	130
2	Кадрлардың тұрақтамау деңгейі	%	Кадрлар бөлімінің есебі	Кадрлар жөніндегі инспекторлар	9,7	9,0	8,5	8,0	7,5
3	Персоналдың қанағаттану деңгейі	%	ПҚҚ және ІАҚ есебі	ПҚҚ және ІАҚ	90	91	92	93	95

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу көзделеді:

1-міндет. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және саланың инфрақұрылымын жетілдіру.

Осы міндетке қол жеткізу мынадай тікелей нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындалуы на жауаптылар	2025(факт	2026(жоспар)	2027 жоспар)	2028 жоспар)	2029 жоспар)	2030 жоспар)
-------	-------------------------	---------------	-----------------	-------------------------	-----------	--------------	--------------	--------------	--------------	--------------

1	2	3	4	7	8	9	10	11	11	11
1										
2	Жалпы дәрігерлер	%	статистикалық		32,0	37,6	36,2	37,5	37,5	37,5

	ішіндегі МСАК дәрігерлерінің үлесі		есебі							
7	ТМҚКК шеңберінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің жалпы көлеміндегі амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің үлесі	%	статистикалық есебі		60,9	77,7	69,7	70	70	70
8	Амбулаториялық-емханалық ұйымдармен қамтамасыз етілу	10 мың тұрғынға шаққанда	статистикалық есебі		6,8	6,8	6,8	6,0	6,0	6,0
9	Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық жабдықтармен жарақтандырылу деңгейі	%	статистикалық есебі		70,2	71,	71,8	72,6	72,6	72,6

**Денсаулық сақтау саласын
2025-2030 ж. дамытуға арналған**

«Дені сау ұлт» Ұлттық жоба .

Стратегиялық көрсеткіштер:

1. 2030 жылы 73,8 жасқа дейін күтілетін өмір сүру ұзақтығы
2. 2030 жылы 1000 тірі туғанға шаққанда 6,0-ге дейінгі нәресте өлімі
3. 2030 жылы 100 мың тірі туғандарға шаққанда ана өлімі 0-ға дейін

4. Медициналық мекемелер ұсынатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне халықтың қанағаттану деңгейін 2030 жылы 85 %-ға дейін

5.2030 жылға дейін жоспарланған мекеме ғимараттардың құрылысы мен күрделі жөндеу жұмысын аяқтау

Міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштері

	Бағыттар	Тапсырмалар	Нәтиже көрсеткіштері (көрсеткіштер)
	1. Бағыт - Қолжетімді және жоғары сапалы медициналық көмек 2. Бағыт - Қазіргі заманның қалыптасуы эпидемиологиялық болжау және әрекет ету жүйелері 3. Бағыт - Қол жетімді дәрілік қаражат және отандық медициналық бұйымдар өндіріс 4. Бағыт - халық үлесінің артуы; салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту	1-тапсырма - халықты денсаулық сақтау қызметтерімен кеңінен қамтуды қамтамасыз ету 2-тапсырма - жүкті әйелдердің денсаулығын сақтау және балалардың денсаулығын нығайту 3-тапсырма - Адам ресурстарын нығайту - Заманауи үлгіге көшу инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалау 4-тапсырма - халықтың қолжетімділігін кеңейту заманауи және жоғары дәлдіктегі	1. Нәресте өлімін азайту 2. Ауылдық елді мекендерді алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен қамту және консультативтік-диагностикалық көмек, соның ішінде халық жылжымалы медициналық кешендердің қызметтері мен қамтылды. 3. Жүкті әйелдерді қамтуды арттыру әйелдер жеке және пәнаралық антенаталдық күтім 4. Балаларды қамтуды 1-ге дейін арттыру, проактивті бақылау және скринингтік жылдар

		зертхана 5-тапсырма - Ғылыми және кадрларды көбейту фармацевтикалық және медициналық әлеуеті өнеркәсіп 6-тапсырма - Халықтың денсаулыққа деген таңдауы 7-тапсырма - Барлық санаттар мен топтар үшін құру халықты дене шынықтыру және бұқаралық спортпен айналысу үшін жағдай жасау, оның ішінде халықты спорт ғимараттарымен қамтамасыз ету деңгейін арттыру 8-тапсырма - Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың отандық өндірісін дамыту	5. Қол жетімділікті арттырыңыз мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалту 6. Аурудың төмендеуі балалар арасындағы семіздік (0-14 жас)
--	--	---	---